*Қаланың айнасы, қоғамның үні*

# Шарайна

12+

Газет 1990 жылғы 4 маусымнан шығады | Жұма, 13 наурыз 2026 жыл | №9 (2703)

ӨҢІР ӨРІСІ

## КАРДИОХИРУРГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ДАМИДЫ

«Қазақмыс» корпорациясы өзі жұмыс істейтін өңірлерде әлеуметтік жауапкершілік аясында денсаулық сақтау жүйесін қолдауды жалғастырып келеді. Соның нәтижесінде Жезқазғандағы медициналық қызметтің сапасы артып, тұрғындар үшін жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігі кеңейіп отыр.

Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС базасында кардиохирургиялық қызметті дамыту. Соңғы жылдары орталықта жүрекке күрделі операциялар жасауға мүмкіндік беретін жаңа кезең басталды. 5–7 наурыз күндері медициналық орталықта жүрек-қантамыр жүйесінің ауыр диагноздары бар пациенттерге кезекті кардиохирургиялық операциялар жасалды. Операциялар еліміздің жетекші мамандарынан құралған University Medical Center (UMC) командасының қатысуымен өткізілді. Сонымен қатар бұл жұмыстар Ұлытау облысының Денсаулық сақтау басқармасы мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолдауымен жүзеге асырылуда.

2026 жылы «Қазақмыс» корпорациясы кардиохирургиялық қызметті дамытуға және жоғары мамандандырылған операцияларды жүргізуге 447 миллион теңге бөлді. Бұл қаржы медициналық орталықтың материалдық-техникалық базасын күшейтіп, күрделі операцияларды бұрынғыдай республикалық ірі клиникаларға жібермей-ақ, жергілікті жерде жасауға мүмкіндік берді. Бүгінгі күнге дейін медициналық орталықта 16 аортокоронарлық шунттау (АКШ) операциясы сәтті орындалды. Бұл – Ұлытау облысының денсаулық сақтау жүйесі үшін үлкен жетістік. Себебі жүрек-қантамыр аурулары – еліміздегі өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып саналады. Маңыздысы – аталған операциялардың барлығы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында жүргізіледі. Яғни өңір тұрғындары жоғары технологиялық медициналық көмекті тегін ала алады. Бұл тұрғындардың сапалы ем алуға деген мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді.

Кардиохирургиялық қызметтің дамуы өңір медицинасына бірнеше маңызды нәтиже береді. Біріншіден, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткішін төмендетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, пациенттердің басқа облыстарға барып емделу қажеттілігі азаяды. Үшіншіден, Ұлытау облысының тұрғындары үшін заманауи медициналық технологиялар қолжетімді бола түседі. Сонымен қатар өңірде қуатты кардиохирургиялық қызметтің қалыптасуы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығын қорғауда да маңызды рөл атқарады. Өнеркәсіп саласында еңбек ететін азаматтардың денсаулығын сақтау – өңірдің әлеуметтік тұрақтылығы үшін аса маңызды факторлардың бірі.

Бұл бағыттың дамуы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы медициналық қызметтерді тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етіп, Жезқазған медициналық орталығының облыстық кардиологиялық орталық ретіндегі мәртебесін нығайтуға мүмкіндік береді.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## *Анаға құрмет – қоғамға тағзым*



**8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Сәтбаев қаласында мерекелік салтанатты жиын өтті. Қаладағы Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы ғимаратында ұйымдастырылған бұл кеш көктемнің шуақты мерекесіне арналды. Іс-шараға қала тұрғындары, ардақты аналар, көпбалалы отбасылар, еңбек майданында табысты қызмет етіп жүрген нәзік жандылар, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері қатысты.**

→ 4

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНДЕ

## АНАЛАР мен АРУЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Сәтбаев қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері қалалық ұжымдағы ақ жаулықты аналар мен аруларды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.



Шағын салтанатты шараны ашқан кеңес төрағасы Алаш Тұрлыбек қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, әйелдерге денсаулық, бақыт пен шаттық тілегін жеткізді.

Медицина саласының ардагері Мағзұм Омаров өз сөзінде замандастарын бір-бір шумақ өлең жолдарымен құттықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ардагерлер кеңесінің ең үлкен мүшесі, сексен жасқа келген Жайық Мұнсызбаев өз ағалық лебізін жеткізіп, өмір тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар, шараға қатысқан ер азаматтар да кезек-кезек сөз алып, аналар мен апайларға өздерінің ізгі тілектерін білдірді.

Мерекелік іс-шара қаламыздағы әйелдерге деген құрмет пен қамқорлықты көрсететін жылы жүзді сәт болды.

**Ізбасар ОЙБАС.**

## РЕФОРМАНЫ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

*Жезқазған қаласында, С. Қожамқұлов атындағы Қазақ музыкалық-драма театрында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының мүшелері Ұлытау облысының тұрғындарымен кездесті.*

Кездесуге ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастаған делегация қатысты. Сондай-ақ жиынға Мәжіліс депутаттары, сарапшылар, қоғам қайраткерлері, заңгерлер, білім беру саласының өкілдері және өңір тұрғындары жиналды.

Аида Балаева өз сөзінде жаңа Конституция жобасында білім, ғылым, мәдениет пен инновацияны дамытуға, ұлттық бірегейлік пен тарихи-мәдени мұраны сақтауға ерекше мән берілгенін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа өзгерістер іргелі демократиялық қағидаттарды нығайтып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар министр Конституцияда сөз бостандығына кепілдік беріліп, цензураға тыйым салынатынын айтты. Сондай-ақ жаңа Конституцияда Президент өкілеттігіне бірқатар шектеулер енгізіліп, мемлекет басшысы жеті жылға бір рет қана сайланатыны белгіленгенін жеткізді.

Жиында Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай, қоғам қайраткерлері Серік Ақылбай, Нұрлан Дулатбеков, Әбілғазы Құсайынов сөз сөйлеп, ұсынылып отырған өзгерістер қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Кездесуге қатысқан тұрғындар да жаңа Конституция жобасының ел дамуы үшін маңызды екенін айтып, алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырды.

**«Шарайна» ақпарат.**

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ ELECTION.GOV.KZ

### «Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

https://www.gov.kz/referendum?lang=kk | https://referendum2026.gov.kz/kk | https://referendum.gov.kz/kk

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

***Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы***

*Республикалық бюджет есебінен жарияланады*

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ ELECTION.GOV.KZ

### «Как найти участок для голосования?»

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov-mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определят свой участок референдума.

https://www.gov.kz/referendum?lang=ru | https://referendum2026.gov.kz/ru | https://referendum.gov.kz/ru

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства можно уточнить информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

**Важен голос каждого из нас!**

***Центральная комиссия референдума Республики Казахстан***

*Публикуется за счет республиканского бюджета*

БІЛІМ БЕРУ

# ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІ МҮШЕЛЕРІ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту мен басқару сапасын арттыру – ел дамуының негізгі басымдықтарының бірі. Осы бағытта өңірлерде жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі – өңірлік кадр резерві. Бұл бастама білікті, бастамашыл әрі кәсіби мамандарды іріктеп, оларды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға мүмкіндік береді.



Өңірлік кадр резервінің басты мақсаты – жергілікті атқарушы органдардағы бос немесе жауапты лауазымдарға лайықты үміткерлер пулын қалыптастыру. Резервке енгізілген азаматтар арнайы іріктеу кезеңдерінен өтеді. Атап айтқанда, олардың кәсіби білімі, басқарушылық қабілеті, стратегиялық ойлау дағдылары мен жеке құзыреттері жан-жақты бағаланады. Бұл – кадрлық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етіп, меритократия қағидаттарын нығайтуға бағытталған қадам.

Мысалы, Ұлытау облысы өңірінде кадр резервін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Резерв құрамына енген мамандар түрлі салаларда – экономика, қаржы, ішкі саясат, аудит, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқа да бағыттар бойынша жетекші қызметтерге тағайындалып келеді. Бұл өз кезегінде басқару тиімділігін арттырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етуде.

Өңірлік кадр резервінің артықшылықтары көп. Біріншіден, ол мемлекеттік қызметке талантты жастар мен тәжірибелі мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Екіншіден, кадрлық сабақтастықты қамтамасыз етіп, басқару жүйесінде тұрақтылық қалыптастырады. Үшіншіден, кадрларды даярлау мен олардың кәсіби дамуына жағдай жасайды.

Бүгінде мемлекеттік басқаруда нәтижеге бағытталған, жауапкершілігі жоғары кадрларға сұраныс артып отыр. Осы тұрғыда өңірлік кадр резерві – заманауи талаптарға сай басқару корпусын қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл бастама мемлекеттік аппараттың сапасын арттырып қана қоймай, халыққа көрсетілетін қызметтің де деңгейін жақсартуға септігін тигізеді.

Осы тұста білікті әрі басқарушылық қабілеті жоғары мамандарды мемлекеттік қызметке ілгерілету мақсатында өңірлік кадр резервінің бірқатар мүшелері жауапты лауазымдарға тағайындалды.

Атап айтқанда, И.Сәтбаев Ұлытау облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы қызметіне кірісті. Бұл бөлім облыс әкімінің тапсырмаларының орындалуын бақылап, мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етеді.

Р.Мұханбетжан Ұлытау облысының экономика басқармасы басшысының орынбасары лауазымына тағайындалды. Ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыру, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және бюджеттік жоспарлау бағытындағы жұмыстарға жауапты болады.

М.Смағұл Ұлытау облысы әкімінің аппараты Ішкі аудит бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Ішкі аудит қызметі қаржылық тәртіпті нығайтуға, мемлекеттік ресурстардың тиімді пайдаланылуын бақылауға және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар, М.Жетимекова Қаражал қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы қызметіне кірісті. Аталған бөлім қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мәдени жобаларды іске асыруға және тіл саясатын дамытуға жауап береді.

С.Шайдарова Жаңаарқа ауданы экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары лауазымына тағайындалды. Бұл қызметте ол ауданның бюджеттік жоспарлау және қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік етеді.

Ал, Р.Атибеков Сәтбаев қаласы тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Оның негізгі міндеті – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

Өңірлік кадр резерві – кәсіби әрі бәсекеге қабілетті мамандарды іріктеп, олардың мансаптық өсуіне жағдай жасайтын тиімді тетік. Ұлытау облысында бұл бастама мемлекеттік басқару сапасын арттыруға және өңірдің тұрақты дамуына оң ықпал етуде.

**А.АБИКЕНОВА,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агеттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.**

# ТІЛ – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Еліміздің ұлтаралық саясаты – достыққа, бірлік пен ынтымаққа негізделіп келеді. Ал енді осы құндылықтар арқылы қоғам мүшелері қазақ тілінің дәрежесін арттыруға күш салып, белсенділік таныту керек. Әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеріп алуды өзі үшін парыз деп білсе, соған мақсатты түрде әрекет жасаса, нәтиже де ойдағыдай болар еді.

Қазіргі таңда қазақ тілін екінші тіл және шетел тілі ретінде меңгерту барысында әлемдік тәжірибеге негізделген әр түрлі онлайн «Socrative», «Quizizz», «Quizlet», «Kahoot», «Padlet», «Playposit», «Thinglink» бағдарламалары қолданылады. Тілдерді оқыту орталықтары ашылып, қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша көптеген адам оқып шықты.

Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту күн тәртібіндегі мәселелердің біріне айналды. Мемлекеттік тілді үйрету үдерісіне  жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында тілді қашықтан оқыту курстарының саны ұлғайды. Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды. Мемлекеттік тілдің толыққанды қызметін қамтамасыз етіп, өзге этнос өкілдеріне мемлекеттік тілді өз бетінше меңгеруге жағдай жасау мақсатында 16 сабақтан тұратын «QazOnline» мобильді қосымшасы әзірленді. Уақытты тиімді пайдалану үшін «QazOnline» айдарымен қазақ тілін тез үйренуге бағытталған 70 сабақ әзірленіп, әлеуметтік желілерде күн сайын жарияланып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы қаулысымен Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітілді.

Тұжырымдама бойынша келесі межелерге қол жеткізу көзделген:

1) Тұжырымдамада 2029 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесін 84 пайызға жеткізу қажет.

2) Мемлекеттік телеарналардағы қазақ тіліндегі телебағдарламалардың үлесі 2029 жылға қарай 84 пайызға жетуі тиіс.

3) Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардағы құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 94 пайызды құрауы тиіс.

4) Қазтест жүйесі бойынша B2 деңгейінде қазақ тілін меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2029 жылы 50 пайыз болады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу тұжырымдамасында басқалармен қатар, халыққа қазақ тілін үйрету курстарын ашу, бейнесабақтар өткізу, жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бағдарламаларын жаңарту ұсынылады.

Сонымен қатар, құжатта жаңа сөздіктер мен анықтамалықтар әзірлеп, басып шығару, түрлі курстар мен семинарлар ұйымдастыру ұсынылады.

Тіліміздің қолданыс аясын кеңейту бағытында жүргізіліп жатқан әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар сөз жоқ, көп ұзамай өз нәтижесін берері даусыз. Бұл – бәріміз үшін сын. Оған баршамыз атсалысуымыз керек.

**Д.ЕСЕНОВА,**
**Ұлытау облысы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы.**

# ОСТОРОЖНО: ТОНКИЙ ВЕСЕННИЙ ЛЁД

С наступлением весеннего периода и постепенным повышением температуры воздуха лёд на водоёмах начинает быстро терять свою прочность. Несмотря на то, что на первый взгляд поверхность водоёма может казаться крепкой, весенний лёд становится рыхлым, пористым и крайне ненадёжным.

В городе Сатпаев на водоёме всё ещё сохраняется ледяной покров, однако в ближайшее время ожидается потепление. В этот период возрастает опасность провалов людей под лёд. Особенно опасными являются участки возле камышей и кустарников, в местах впадения ручьёв, возле мостов и там, где наблюдается течение воды. В таких местах лёд истончается значительно быстрее.

Особую тревогу вызывает нахождение на льду детей и любителей зимней рыбалки. Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев напоминает, что весенний лёд представляет серьёзную угрозу для жизни и здоровья людей. Родителям необходимо проводить с детьми профилактические беседы и строго запрещать им выходить на лёд без сопровождения взрослых.

Спасатели настоятельно рекомендуют жителям города воздержаться от выхода на водоёмы в период весеннего потепления. Даже прочный на вид лёд может не выдержать веса человека и проломиться в любой момент.

**В целях предотвращения несчастных случаев необходимо соблюдать следующие меры безопасности:**

- не выходить на лёд в период потепления;
- не проверять прочность льда ударами ног;
- избегать мест с трещинами, промоинами и тёмными пятнами;
- не выходить на лёд в одиночку;
- не разрешать детям играть вблизи водоёмов без присмотра взрослых.

**В случае возникновения чрезвычайной ситуации или обнаружения человека, провалившегося под лёд, необходимо незамедлительно сообщить в экстренные службы по номеру 112.**

Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев призывает жителей проявлять бдительность, соблюдать правила безопасности и не подвергать свою жизнь неоправданному риску.

**Помните: весенний лёд особенно коварен и может сломаться в любой момент. Берегите себя и своих близких.**

# МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРИОД ВЕСЕННЕГО ПАВОДКА

С наступлением весеннего периода и повышением температуры воздуха начинается интенсивное таяние снега, увеличивается количество талых вод. В этот период в отдельных местах возможно скопление воды и временные подтопления. Поэтому соблюдение мер предосторожности жителями в весенний период имеет особое значение.

На территории города Сатпаев опасных паводковых участков не зарегистрировано. Тем не менее в период таяния снега каждому жителю необходимо соблюдать правила личной безопасности.

Прежде всего жителям рекомендуется избегать мест скопления талых вод. Особенно важно не допускать игр детей в таких местах. Под водой могут находиться открытые люки, арыки или водоотводные каналы, что представляет серьёзную опасность.

Кроме того, в весенний период запрещается переходить или переезжать через подтопленные участки дорог. Сила водного потока может представлять угрозу для жизни и здоровья людей. Также крайне опасно заходить в воду, не зная её глубины.

Жителям города рекомендуется своевременно очищать дворы и прилегающие территории от снега и льда, чтобы обеспечить свободный сток талых вод. Не следует засорять арыки и водоотводные каналы мусором или другими предметами.

В весенний период необходимо уделять особое внимание безопасности детей. Родителям следует разъяснять им правила безопасности и не допускать нахождения детей в местах скопления воды без присмотра взрослых.

**В период паводка важно соблюдать следующие правила безопасности:**

- не приближаться к подтопленным территориям;
- не заходить в воду с неизвестной глубиной;
- не переходить и не переезжать через подтопленные участки дорог;
- не оставлять детей без присмотра вблизи мест скопления воды;
- не засорять арыки и водоотводные каналы.

**В случае возникновения чрезвычайной ситуации или необходимости оказания помощи необходимо незамедлительно обращаться по единому номеру экстренных служб 112.**

Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев призывает жителей соблюдать меры предосторожности в весенний период и ответственно относиться к безопасности своей жизни и жизни близких.

**Осторожность — залог безопасности.**

**НАГАЕВА**
**Ираида**
**Галимжановна**



Ушла из жизни Нагаева Ираида Галимжановна (1938 г.р.) — врач-педиатр высшей категории, ветеран труда, Заслуженный врач Казахской ССР, Почетный гражданин города Сатпаев.

Ираида Галимжановна посвятила всю свою жизнь благородному делу служения людям и охране здоровья детей. В 1961 году она окончила Карагандинский медицинский институт и начала свой трудовой путь участковым фтизиатром Ленинского районного туберкулезного диспансера города Караганды.

С 1964 по 1968 годы работала заведующей отделением Жезказганского городского противотуберкулезного диспансера. С 1968 года и до выхода на заслуженный отдых возглавляла детский противотуберкулезный санаторий в поселке Жезказган, где долгие годы была главным врачом, проявляя высокий профессионализм, заботу и преданность своему делу. За многолетний добросовестный труд и большой вклад в развитие здравоохранения Ираида Галимжановна была удостоена высоких наград, среди которых медали «За освоение целинных и залежных земель» (1958), «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина» (1970), а также многочисленные почетные грамоты. Светлая память о Ираиде Галимжановне — талантливом враче, мудром руководителе и человеке с большим сердцем — навсегда сохранится в сердцах коллег, учеников, благодарных пациентов и всех, кто её знал. Выражаем искренние соболезнования родным и близким. Память о ней будет жить в наших сердцах.

**М.Е.Бурибаев, К.М.Балмагамбетов, Д.Қ.Мұхан, Е.С.Орманов, А.С.Сыздыманов, А.Х.Бегежанова, К.М.Махамбетова, А.К.Дюсембаева, М.А.Ковтун, Р.Р.Абузярова, М.О.Кожахметов, О.Ахметов, А.Тұрлұбек, Ж.Мунсизбаев, М.Тлеуов.**

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі «Қазақмыс» корпорациясының Еңбек ардагері
**ЖАРАСБАЕВ**
**Шаймерден**
**Нұрмағанбетұлының**
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
Министрлігінің ақпарат және
мұрағат комитетінде тіркелген.
**Куәлік №12372-Г 28.03.2012ж.**

**Меншік иесі: «Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің редакциясы» ЖШС.**

Редакция газеты «Шарайна»
БИН 050440002633, ИИК KZ718560000000005311
БИК KCJBKZKX, КБЕ 17
Жезказганский филиал
АО «БанкЦентрКредит», г. Жезказган.

**Бас редактор: Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Сәтбаев қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 21 а.**
**Телефон: 3-33-62,**
**сайт: sharayna.com, электронды пошта: sharainaligt@mail.ru.**

*Көлемі – 1 б.т.* *Таралымы – 700* | Тапсырыс – 419

*Газетті жеткізіп беру: / Доставка газеты: тел. 3-33-62*

*Газет «Шарайнаның» компьютер орталығында теріліп, беттелді.*
*«ASU» Баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы*
*«Сыр медиа» ЖШС баспанаханасында,*
*Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды.*

*** Газеттің басылу сапасына баспахана жауап береді.**
Ответственность за качество печати несет типография.
*** Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.**
Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции.
*** Мақалалардың нақтылығына автор жауапты.**
За достоверность материалов ответственность несет автор.
*** Жарнаманың дұрыстығына жарнама беруші жауапты.**
Претензии по рекламе предъявлять рекламодателю.
*** Қолжазбалар қайтарылмайды** – Рукописи не возвращаются.
**Газет аптасына 1 рет шығады** – Газета выходит 1 раз в неделю.
***Материал ақылы** Ⓐ Материал платный.



МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Анаға құрмет – қоғамға тағзым

1← Мерекелік жиынның шымылдығы салтанатты құттықтаумен ашылды. Жиналған қауымды көктемнің көркем мерекесімен Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев құттықтап, әйел-аналардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті. Ол өз сөзінде әйелдер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып жүргенін айтты.

– Ана – өмірдің бастауы, шаңырақтың шырағы. Бүгінде әйелдер білім, медицина, мәдениет, өндіріс, мемлекеттік қызмет секілді түрлі салаларда табысты еңбек етіп, ел дамуына өз үлесін қосып келеді. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен мейірімге толы жүректеріңіз қоғамымыздың берекесін арттырып отыр, – деді қала әкімі.

Салтанатты шара барысында көпбалалы аналарға ерекше құрмет көрсетілді. Ел демографиясының өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген «алтын құрсақ» аналарға «Күміс алқа» мемлекеттік наградасы табысталып, олардың ана ретіндегі еңбегі мен мәртебесі ерекше аталып өтті. Бұл марапат – ананың қоғам алдындағы еңбегіне берілген жоғары бағаның белгісі.

Сонымен қатар, қаланың қоғамдық-саяси, мәдени және әлеуметтік өміріне белсене араласып жүрген бірқатар қыз-келіншектерге Сәтбаев қаласының Құрмет грамоталары тапсырылды. Бұл марапаттар – өңірдің дамуына еңбек сіңіріп жүрген жандарға көрсетілген құрмет пен ризашылықтың айқын көрінісі.

Мерекелік жиын әсерлі концерттік бағдарламаға ұласты. Кештің арнайы қонағы – Қазақстанның белгілі әншісі, сахна саңлағы Нұрлан Өнербаев көрермендерге әсем әндерін тарту етті. Оның орындауындағы халық сүйіп тыңдайтын әндер залға жиналған қауымға ерекше әсер сыйлап, кештің сәнін кіргізді. Сонымен қатар, жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар да өз өнерлерін көрсетіп, мерекелік көңіл-күйді еселей түсті.

Салтанатты кеш барысында аналарға гүл шоқтары мен ізгі тілектер жолданып, әйелдерге деген құрмет пен алғыс ерекше сезілді. Жиынға қатысушылар да ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, мерекелік кештің әсерлі өткенін атап өтті.



8 Наурыз – әйел-аналарға деген құрмет пен ілтипаттың айрықша көрінісі. Бұл күн – мейірім мен махаббаттың, жылулық пен ізгіліктің мерекесі. Қоғамның қай саласында болмасын табысты еңбек етіп жүрген әйелдердің орны қашанда биік.

Көктемнің көркем мерекесі Сәтбаев қаласында осылайша аналарға тағзым мен алғысқа толы ерекше кеш ретінде есте қалды.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

# ЖАМБЫЛДЫ ЖАТТАҒАН ӨРЕНДЕР

Баубек Бұлқышев атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде жақында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған «Ұлы дала абызы» атты аймақтық мәнерлеп оқу байқауы өтті. Ақиық ақынның әдеби мұрасын насихаттау, жас ұрпақтың көркем сөз оқу мәдениетін қалыптастыру және ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған байқауға қала мектептерінің 8-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері қатысты.







Жамбыл Жабаев – есімі қазақ әдебиетінде алтын әріптермен қалған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Өзінің ғасырға жуық ғұмырында халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, жырымен елге рух берген ұлы тұлға. Оның ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа, мөлдір сырға, нәзік сезімге толы асыл мұрасы – бүгінгі ұрпаққа өнеге, ұлттық рухтың мәңгілік темірқазығы.

Алып та биік, айдынды да айбынды жыр жампозына арналған аталмыш байқаудың міндеттері ұлы ақынның шығармаларын кеңінен таныту, қатысушылар арасында талантты жастарды анықтау және қолдау, сахналық мәдениет пен сөйлеу шеберлігін жетілдіру болды. Сайыс шарттары бойынша қатысушылар ақынның жырларын, толғауларын немесе айтыс үзінділерін жатқа, мәнерлеп орындауға тиіс еді.

Байқау қорытындысында ақын Қанат Мусин төрағалық еткен қазылар алқасының шешімімен Бас жүлде мен 70 мың теңгелік Сертификатты Әлкей Марғұлан атындағы жалпы білім беретін мектептің 10 сынып оқушысы Ұлту Марлен жеңіп алды.

Жүлделі І орынды №5 мектептің 9 сынып оқушысы Қуандық Мағаз иеленсе, ІІ орынды Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Назым Науанова және Ы.Алтынсарин атындағы мектептің 9 сынып оқушысы Іңкәр Утеубай өзара бөлісті. Ал ІІІ орын «Денсаулық» медициналық колледжінің студенті Әдемай Турман мен Қаныш Сәтбаев атындағы мектептің оқушысы Мансұр Едігеге бұйырды.




Сонымен қатар, бірқатар қатысушылар «Көркемсөз шебері», «Жырмен тербеген жүрек», «Сахна сөзінің шебері» секілді арнайы номинациялармен марапатталды. Барлық жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан Дипломдар және ақшалай Сертификаттар табысталды.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деп жалынды жазушы, дарынды драматург, білікті ұстаз Сәкен Сейфуллин өз заманында айтып кеткен еді. Жамбыл – жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Сондықтан Ұлы ақын жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

**Марал ШАХАЕВА.**
**Суреттерді түсірген автор.**

ДАЙДЖЕСТ

## РЫБОЛОВНЫЙ РЕКОРД МИРА

Джулия Бернстин рыбачила в американском штате Техас вместе с гидом Остином Андерсоном. Ей удалось поймать малоротого буффало весом 14,29 килограмма.

Рыбу взвесили на сертифицированных весах, после чего отпустили обратно в воду. Результат позволил девушке установить рекорд IGFA в юниорской женской категории по рыболовным снастям, выдерживающим до восьми килограммов.

Малоротые буффало встречаются в Северной Америке. Эти рыбы вырастают до 90 сантиметров в длину и весят до 16 килограммов.

## ТАЙНА ЧЁРНОГО ТРЕУГОЛЬНИКА

Таинственный черный треугольник, обнаруженный среди просторов Тихого океана на сервисах Google Maps, мгновенно привлек внимание пользователей соцсетей и стал предметом бурных обсуждений. Многие выдвигали гипотезы о военной базе или даже портале в подземный мир.

Заблуждение относительно природы черного цвета возникло из-за густой растительности: центр атолла покрыт высокими деревьями вида Pisonia grandis, создающими плотный зеленый покров, видимый из космоса практически черным пятном. Помимо зелени, остров населён лишь птицами да остатками морских кораллов.

Интересна и историческая сторона вопроса: остров получил своё название благодаря русскому исследователю Фаддею Беллинсгаузену, открывшему его в ходе антарктической экспедиции начала XIX века. Имя «Восток» дано в честь корабля, участвовавшего в той легендарной экспедиции.

## НАШЛИ ДОМА БОЕВЫЕ ГРАНАТЫ

В штате Северная Каролина, США, саперы вывезли две настоящие боевые гранаты из жилого дома.

Снаряды нашли родственники покойного владельца дома, когда убирали у него после смерти. Они не стали рисковать и сразу вызвали специалистов.

Саперы определили, что в доме хранились дымовая ручная граната M18 и оборонительно-наступательная граната Mk II. От неосторожных действий оба снаряда могли взорваться, поэтому их утилизировали в безопасном месте.

Известно, что гранаты Mk II активно использовались во времена Второй мировой войны. Они состояли на вооружении американской армии, к тому же США поставляли их странам-союзникам.

## УВИДЕЛА ВРАТА В РАЙ

Жительница Канады пережила внетелесный опыт во время инсульта.



43-летняя медиум Эмбер Кавана смотрела телевизор с мужем и детьми, когда у нее началась ужасная мигрень. Она пошла спать пораньше, а, проснувшись, поняла, что не чувствует правой части тела и не видит правым глазом. Она сумела разбудить мужа, и тот вызвал скорую помощь. Медики давали Каване 50-процентный шанс на выживание, однако ей удалось выкарабкаться.

Позже Кавана рассказывала, что во время инсульта наблюдала за происходящим со стороны, видела своих детей по дороге в больницу и слышала, как врачи давали ей прогнозы. По ее словам, она попала в потусторонний мир, где увидела врата в рай и всех умерших близких. Затем, как говорит Кавана, перед ней предстали духи-наставники, предложившие выбор: остаться в раю, но обречь семью на горе, или вернуться в измученное тело и пройти через долгую реабилитацию. Женщина выбрала второе – ради детей.

Сейчас, спустя годы терапии, она заново научилась ходить и говорить и больше не боится смерти, а сам опыт называет «величайшим подарком».

## ОСЬМИНОГИ – НАСЛЕДНИКИ ЦИВИЛИЗАЦИИ?



Время идёт, и в будущем человечество может столкнуться с неизбежной истиной: наше господство на планете Земля не может длиться вечно. В какой-то момент природа возьмёт своё, и человеческая раса уступит место новому виду, который поднимется на вершину эволюционной лестницы. Но кто станет нашим преемником?

Профессор Тим Коулсон из Оксфордского университета выдвинул интригующую гипотезу: осьминоги могут оказаться следующими хозяевами планеты. По мнению учёного, именно эти морские существа обладают всеми необходимыми физическими и интеллектуальными качествами, чтобы создать собственную цивилизацию после исчезновения человечества.

Но почему именно осьминоги? Ведь существует множество других кандидатов на эту роль, таких как приматы или птицы. Однако, по мнению Коулсона, большинство из них сталкиваются с серьёзными ограничениями. Приматы, например, слишком сильно зависят от своих социальных структур и специфических условий обитания, что делает их уязвимыми перед лицом глобальных изменений. А птицы, несмотря на свою высокую степень интеллекта, не обладают достаточными двигательными навыками для строительства сложных сооружений.

Получается, осьминоги остаются наиболее вероятными кандидатами на роль нового доминантного вида. Благодаря своему уникальному строению тела и высокому уровню когнитивных способностей, они могут успешно колонизировать океанские глубины и создать там собственные подводные мегаполисы. Коулсон подчёркивает, что процесс адаптации и эволюции осьминогов займёт миллионы лет.

Так что в следующий раз, посещая океанариум, возможно, стоит присмотреться внимательнее к этим загадочным существам. Кто знает, может быть, через миллионы лет они станут новыми хозяевами Земли.

**Подготовила Марал ШАХАЕВА.**